

Жергілікті атқарушы органның бақылау функцияларын жүзеге асыруы үшін қажетті сақтанушы, сақтандырушы және агенттің беретін ақпараты мен құжатының нысандарын және мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 69 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 сәуірде № 3890 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 12 ақпандағы № 90 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 12.04.2019 № 90 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңының 5-бабының 2-1 тармағының 5) тармақшасына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Берілетін ақпарат пен құжаттың мынадай нысандары белгіленсін:

- 1) сақтанушы үшін осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес;
- 2) сақтандырушы және өзара сақтандыру қоғамы үшін осы қаулының 2, 5-қосымшаларына, сәйкес;
- 3) агент үшін осы қаулының 3, 4, 5-қосымшаларына, сәйкес.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді – Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 29.12.2017 № 329 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Ақпарат пен құжатты:

1) сақтанушының - осы қаулының 1 қосымшасы бойынша, аудандық (қалалық) ауыл шаруашылығы бөлімінің атына сақтандырушымен немесе өзара сақтандыру қоғамымен міндетті сақтандыру келісім-шартын жасасқаннан кейін бір айдың ішінде;

2) сақтандырушының және өзара сақтандыру қоғамының - осы қаулының 2, 5-қосымшалары, бойынша агентке, 3, 5-қосымшалары, бойынша аудандық (қалалық) ауыл шаруашылығы бөліміне апта сайын;

3) агентпен - жұма сайын "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне, осы қаулының 3, 4, 5-қосымшалары,

бойынша, аудандық (қалалық) ауыл шаруашылығы бөліміне, осы қаулының 4, 5-қосымшалары, бойынша ұсынатындығы белгіленсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді – Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 29.12.2017 № 329 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (М. К. Оңғарбеков) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары А. К. Өтеғұловқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Облыс әкімі

Н. Ноғаев

2015 жылғы 17 наурыздағы
№ 69 Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің қаулысына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 29.12.2017 № 329 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы ақпарат

Есептік кезең: 20__ жылғы " ____ " _____

Индекс: 1- DOSvR

Кезеңділігі: жарты жылдық

Ұсынады: Сақтанушы

Нысан кімге ұсынылады: Аудандық (қалалық) ауыл шаруашылығы бөліміне

Ұсыну мерзімі: сақтандырушымен немесе өзара сақтандыру қоғамымен міндетті сақтандыру келісім-шартын жасасқаннан кейін бір айдың ішінде.

р/с №	Егілген дақылдар атауы	Барлық егілген көлемі, гектар	Барлық сақтандырылған көлемі, гектар	Сақтандыру компаниясының өзара атауы	Шарт №	Шарт жасасу күні
1	2	3	4	5	6	7

Басшы _____

(сақтанушының атауы)

(Т.А.Ә. қолы)

(жылы, айы, күні)

М.О

Нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанның қосымшасында көрсетілген.

"Өсімдік шаруашылығындағы
міндетті сақтандыру шартын
жасасу туралы" әкімшілік
деректерді жинауға арналған
нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы ақпарат" 1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі - Түсіндірме) "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңының 5-бабы 2-1 тармағының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және сақтандырушымен міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтанушымен міндетті сақтандыру шартын жасасқаннан кейін бір айдың ішінде жасақталады.

4. Нысанға басшы (ол болмаған кезеңде - оны алмастыратын тұлға) қол қояды, айы, күні, жылы, мөр қойылады.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1. 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі.

2. 2-бағанда егілген дақылдар атауы көрсетіледі.

3. 3-бағанда барлық егілген алқап көлемі гектармен көрсетіледі.

4. 4-бағанда барлық сақтандырылған алқап көлемі гектармен көрсетіледі.

5. 5-бағанда сақтандырушы компанияның немесе өзара сақтандыру қоғамының атауы көрсетіледі.

6. 6-бағанда өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру жасалғаны туралы шарттың нөмірі көрсетіледі.

7. 7-бағанда өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартын жасасу күні көрсетіледі.

2015 жылғы 17 наурыздағы
№ 69 Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің қаулысына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 29.12.2017 № 329 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Сақтанушылар, аудандар (қала) бөлінісінде өсімдік шаруашылығындағы күшіне енгізілген міндетті сақтандыру шарттары туралы ақпарат

Есептік кезең: 20__ жылдың " __ " _____

Индекс: 2-DOSvR

Кезеңділігі: апта сайын

Ұсынады: Сақтандырушы және өзара сақтандыру қоғамы, агент

Нысан кімге ұсынылады: Агентке, аудандық (қалалық) ауыл шаруашылығы бөліміне, "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне

Ұсыну мерзімі: есептік кезеңнен кейінгі әр бейсенбі: өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шарттарының күшіне енуіне қарай.

№	Ауданның (қаланың), сақтанушы-ның атауы	Шарт №	Шарттың жасалған күні, айы, жылы	Шарт бойынша жалпы сақтандыру сыйлықақысы, мың теңге	Шарт бойынша жалпы сақтандыру сомасы, теңге	Барлық сақтандырылған көлемі, гектар
1	2	3	4	5	6	7
1						
2						
3						
	Облыс бойынша барлығы					

кестенің жалғасы

Оның ішінде						
Дәнді дақылдар, гектар						
барлығы, гектар	оның ішінде					

	бидай	арпа	сұлы	қарақұмық	тары	бұршақ	ноқат	қара бидай	күріш	дәндік жүгері
8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18

кестенің жалғасы

Оның ішінде										
Майлы дақылдар, гектар					Қант қызылшасы, гектар			Мақта, гектар		
барлығы, гектар	оның ішінде				24					
	рапс	күнбағыс	майбұршақ	мақсары						
19	20	21	22	23	24					25

(Басшының Т.А.Ә. лауазымы)

(қолы)

(жылы, айы, күні)

Нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанның қосымшасында көрсетілген.

"Сақтанушылар, аудандар (қала) бөлінісінде өсімдік шаруашылығындағы күшіне енгізілген міндетті сақтандыру шарттары туралы ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме "Сақтанушылар, аудандар (қала) бөлінісінде өсімдік шаруашылығындағы күшіне енгізілген міндетті сақтандыру шарттары туралы ақпарат" 1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі - Түсіндірме) "Сақтанушылар, аудандар (қала) бөлінісінде өсімдік шаруашылығындағы күшіне енгізілген міндетті сақтандыру шарттары туралы ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды (бұдан әрі-Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңының 5-бабы 2-1 тармағының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды сақтандырушы және өзара сақтандыру қоғамы агентке апта сайын ұсынады.

4. Нысанға басшы (ол болмаған кезеңде - оны алмастыратын тұлға) қол қояды, айы, күні, жылы көрсетіледі.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1. 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі.
2. 2-бағанда ауданның (қаланың) сақтанушының атауы көрсетіледі.
3. 3-бағанда өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартының нөмірі көрсетіледі.
4. 4-бағанда өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартының жасалған күні көрсетіледі.
5. 5-бағанда шарт бойынша жалпы сақтандыру сыйлықақысы, теңгемен көрсетіледі.
6. 6-бағанда шарт бойынша жалпы сақтандыру сомасы теңгемен көрсетіледі.
7. 7-бағанда барлық сақтандырылған алқап көлемі гектармен көрсетіледі.
8. 8-бағанда барлық сақтандырылған дәнді дақылдар алқап көлемі гектармен көрсетіледі.
9. 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 - бағандарда дәнді дақылдардың атауы және олардың сақтандырылған алқап көлемі гектармен көрсетіледі.
10. 19-бағанда сақтандырылған майлы дақылдар алқап көлемі гектармен көрсетіледі.
11. 20, 21, 22, 23 - бағандарда майлы дақылдардың атауы және олардың сақтандырылған алқап көлемі гектармен көрсетіледі.
12. 24-бағанда сақтандырылған қант қызылшасының алқап көлемі гектармен көрсетіледі.
13. 25-бағанда сақтандырылған мақта алқабының көлемі гектармен көрсетіледі.

2015 жылғы 17 наурыздағы
№ 69 Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің қаулысына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 29.12.2017 № 329 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Аудандар (қалалар) бөлінісінде өсімдік шаруашылығындағы күшіне енгізілген міндетті сақтандыру шарттары туралы ақпарат

Есептік кезең: 20__ жылдың " ____ " _____

Индекс: 3-DOSvR

Кезеңділігі: апта сайын

Ұсынады: агент

Нысан кімге ұсынылады: Аудандық (қалалық) ауыл шаруашылығы бөліміне, "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне

Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі әр бейсенбі; өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шарттарының күшіне енуіне қарай.

р/с №	Аудан (қала) атауы	Сақтандыруға жататын барлық егілген көлем, гектар	Барлық сақтандырылған көлем, гектар	Сақтандырумен қамтылғаны, гектар %	Жасалынған шарттар саны, бірлік	Сақтанушылармен жасасқан шарттар бойынша сақтандыру сыйлықақысының сомасы, теңге	Сақтанушылармен жасасқан шарттар бойынша жалпы сақтандыру сомасы, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8
1							
2							
3							
	Облыс бойынша барлығы						

_____ (Басшының Т. А .Ә. лауазымы)

_____ (Қолы)

_____ (жылы, айы, күні)

Нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанның қосымшасында көрсетілген.

"Аудандар (қалалар) бөлінісінде өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шарттарының күшіне енгендігі туралы ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме "Аудандар (қалалар) бөлінісінде өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шарттарының күшіне енгендігі туралы ақпарат" 1.

Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі-Түсіндірме) "Аудандар (қалалар) бөлінісінде өсімдік шаруашылығындағы күшіне енгізілген міндетті сақтандыру шарттары туралы ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды (бұдан әрі-Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңының 5-бабы 2-1 тармағының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Күшіне енгізілген міндетті сақтандыру шарттары туралы нысанды апта сайын агент жасақтайды.

4. Нысанға басшы (ол болмаған кезеңде - оны алмастыратын тұлға) қол қояды, айы, күні, жылы көрсетіледі.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1. 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі.

2. 2-бағанда сақтанушының, ауданның (қаланың) атауы көрсетіледі.

3. 3-бағанда сақтандыруға жататын барлық егілген көлем гектар есебімен көрсетіледі.

4. 4-бағанда барлық сақтандырылған көлем гектар есебімен көрсетіледі.

5. 5-бағанда барлық сақтандырумен қамтылғаны пайызбен көрсетіледі.

6. 6-бағанда жасалынған шарттар саны бірлікпен көрсетіледі.

7. 7-бағанда сақтандырушылармен жасалынған шарттар бойынша сақтандыру сыйлықақысының сомасы теңге есебімен көрсетіледі.

8. 8-бағанда сақтандырушылармен жасалынған шарттар бойынша жалпы сақтандыру сомасы теңге есебімен көрсетіледі.

2015 жылғы 17 наурыздағы
№ 69 Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің қаулысына
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 29.12.2017 № 329 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Аудандар (қалалар) және сақтандырушылар бөлінісінде сақтандыру жағдайлары жөнінде ақпарат

Есептік кезең: 20__ жылдың "___" _____

Индекс: 4-SS

Кезеңділігі: апта сайын

Ұсынады: Сақтандырушы және өзара сақтандыру қоғамы, агент

Нысан кімге ұсынылады: Агентке, аудандық (қалалық) ауыл шаруашылығы бөліміне, "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне

Ұсыну мерзімі: сақтандыру жағдайлары туындауына қарай, есептік кезең аяқталғаннан кейін әр бейсенбіде.

р/с №	Аудан (қала) атауы	Сақтандырылған егістіктердің барлық көлемі	жойылған егістіктердің көлемі							
			дәнді дақылдар		майлы дақылдар		қант қызылшасы		майбұршақ	
			толығымен	ішінара	толығымен	ішінара	толығымен	ішінара	толығымен	ішінара
гектар			гектар	гектар	гектар	гектар	гектар	гектар	гектар	гектар
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1										
2										
3										
	Облыс бойынша барлығы									

кестенің жалғасы

Қолайсыз табиғат құбылысы	Зерттеуге келіп түскен барлық өтініштер	Құрастырылған зерттеу актілерінің саны	Сақтандыру компаниясына немесе өзара сақтандыру қоғамына сақтандыру төлемін жүргізу туралы өтініштердің саны			Жүргізілген сақтандыру төлемдерінің сомасы
			қабылданған	бас тартылған	қарастырылуда	
		дана	дана	дана	дана	теңге
12	13	14	15	16	17	18

(Басшының Т.А.Ә. лауазымы)

(Қолы)

(жылы, айы, күні)

Нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанның қосымшасында көрсетілген.

"Аудандар (қалалар) және сақтандырушылар бөлінісінде сақтандыру жағдайлары жөнінде ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша

"Аудандар (қалалар) және сақтандырушылар бөлінісінде сақтандыру жағдайлары жөнінде ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме 1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі -Түсіндірме) "Аудандар (қалалар) және сақтандырушылар бөлінісінде сақтандыру жағдайлары жөнінде ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды (бұдан әрі- Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңының 5-бабы 2-1 тармағының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан сақтандырушы және өзара сақтандыру қоғамымен, агентпен сақтандырылған егіс алқаптары бойынша жойылған егіс алқабын көрсете отырып апта сайын толтырылады.

4. Нысанға басшы (ол болмаған кезеңде - оны алмастыратын тұлға) қол қояды, айы, күні, жылы көрсетіледі.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1. 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі.
2. 2-бағанда аудан (қала) және сақтандырушының атауы көрсетіледі.
3. 3-бағанда сақтандырылған егістіктердің барлық ауданы гектар есебімен көрсетіледі.
4. 4-бағанда толығымен жойылған дәнді дақылдар егістіктерінің ауданы гектар есебімен көрсетіледі.
5. 5-бағанда ішінара жойылған дәнді дақылдар егістіктерінің ауданы гектар есебімен көрсетіледі.
6. 6-бағанда толығымен жойылған майлы дақылдар егістіктерінің ауданы гектар есебімен көрсетіледі.
7. 7-бағанда ішінара жойылған майлы дақылдар егістіктерінің ауданы гектар есебімен көрсетіледі.
8. 8-бағанда толығымен жойылған қант қызылшасы егістіктерінің ауданы гектар есебімен көрсетіледі.
9. 9-бағанда ішінара жойылған қант қызылшасы егістіктерінің ауданы гектар есебімен көрсетіледі.
10. 10-бағанда толығымен жойылған майбұршақ егістіктерінің ауданы гектар есебімен көрсетіледі.
11. 11-бағанда ішінара жойылған майбұршақ егістіктерінің ауданы гектар есебімен көрсетіледі.
12. 12-бағанда қолайсыз табиғат құбылысы көрсетіледі.
13. 13-бағанда зерттеуге келіп түскен барлық өтініштер бірлік санымен көрсетіледі.
14. 14-бағанда құрастырылған зерттеу актілерінің саны бірлікпен көрсетіледі.
15. 15-бағанда сақтандыру компаниясына немесе өзара сақтандыру қоғамына сақтандыру төлемін жүргізу туралы өтініштердің қабылданған саны бірлікпен көрсетіледі.

16. 16-бағанда сақтандыру компаниясына немесе өзара сақтандыру қоғамына сақтандыру төлемін жүргізу туралы өтініштердің қабылданбаған саны бірлікпен көрсетіледі.

17. 17-бағанда сақтандыру компаниясына немесе өзара сақтандыру қоғамына сақтандыру төлемін жүргізу туралы өтініштердің қаралып жатқан саны бірлікпен көрсетіледі.

18. 18-бағанда жүргізілген сақтандыру төлемдерінің сомасы теңге есебімен көрсетіледі.

2015 жылғы 17 наурыздағы
№ 69 Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің қаулысына
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 29.12.2017 № 329 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

"20__ жылы жасалған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы шарттар бойынша аудандар (қалалар) бөлінісінде сақтандыру жағдайлары бойынша мәлімет"

Есептік кезең: 20__ жылдың "___" _____

Индексі: 5-SS

Кезеңділігі: апта сайын

Ұсынады: Сақтандырушы және өзара сақтандыру қоғамы, агент

Нысан кімге ұсынылады: Агентке, "Батыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне, аудандық (қалалық) ауыл шаруашылығы бөліміне

Ұсыну мерзімі: зерттеуге өтініштердің келіп түсуіне қарай, есептік кезең аяқталғаннан кейін әр бейсенбіде.

р/ с №	Сақтандыру компаниясының немесе өзара сақтандыру қоғамының атауы/аудан/қала атауы	Зерттеуге келіп түскен барлық өтініштер, бірлік	Құрастырылған зерттеу актілерінің саны		Сақтандырушылардың немесе өзара сақтандыру қоғамдарының сақтанушыларға жүргізген сақтандыру төлемдерінің сомасы	
			саны, бірлік	көлем, гектар	саны, бірлігі	сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5	6	7
Сақтандыру ұйымының немесе өзара сақтандыру қоғамының атауы						
1						
2						
3						

4					
5					
	Барлығы сақтандыру ұйымдары немесе өзара сақтандыру қоғамдары бойынша				

кестенің жалғасы

Агенттің сақтандырушыға немесе өзара сақтандыру қоғамына сақтандыру төлемдерінің бөлігін өтеу сомасы		Ескерту
шаруашылықтар саны, бірлік	сомасы, мың теңге	
8	9	10

(Басшының Т.А.Ә. лауазымы)

Қолы

(жылы, айы, күні)

Нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанның қосымшасында көрсетілген.

"Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шарттары бойынша аудандар (қалалар) бөлінісінде сақтандыру жағдайлары жөніндегі мәлімет" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша

"Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шарттары бойынша аудандар (қалалар) бөлінісінде сақтандыру жағдайлары жөніндегі мәлімет" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме 1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі - Түсіндірме) "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шарттары бойынша аудандар (қалалар) бөлінісінде сақтандыру жағдайлары жөніндегі анықтама" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі- Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңының 5-бабы 2-1 тармағының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды сақтандырушы және өзара сақтандыру қоғамы, агент апта сайын толтырады.

4. Нысанға басшы (ол болмаған кезеңде - оны алмастыратын тұлға) қол қояды, айы, күні, жылы көрсетіледі.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1. 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі.

2. 2-бағанда сақтандыру компаниясы немесе және өзара сақтандыру қоғамының атауы, аудан (қала) атауы көрсетіледі.

3. 3-бағанда зерттеуге келіп түскен барлық өтініштер саны бірлікпен көрсетіледі.

4. 4-бағанда құрастырылған зерттеу актілерінің саны бірлікпен көрсетіледі.

5. 5-бағанда құрастырылған зерттеу актілері бойынша егіс көлемі гектар есебімен көрсетіледі.

6. 6-бағанда сақтандырушылардың немесе өзара сақтандыру қоғамдарының сақтанушыларға жүргізген сақтандыру төлемдерінің санымен бірлікпен көрсетіледі.

7. 7-бағанда сақтандырушылар немесе өзара сақтандыру қоғамымен сақтанушыларға жүргізілген сақтандыру төлемдерінің сомасы мың теңге есебімен көрсетіледі.

8. 8-бағанда агенттің сақтандырушыға немесе өзара сақтандыру қоғамына сақтандыру төлемдерінің бөлігін өтеуі бойынша шаруашылықтардың саны бірлікпен көрсетіледі.

9. 9-бағанда агенттің сақтандырушыға немесе өзара сақтандыру қоғамына сақтандыру төлемдерінің бөлігін өтеу сомасы мың теңге есебімен көрсетіледі.

10. 10-бағанда ескерту көрсетіледі.

2015 жылғы 17 наурыздағы
№ 69 Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің қаулысына
6 - қосымша нысан

20__ жылы өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы шартын жасаушылар жөнінде аудандарда (қала) қимасында сақтандыру жағдайлары бойынша анықтама 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Ескерту. 6-қосымша алынып тасталды – Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 29.12.2017 № 329 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

